БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
Ж.О. Ахмет

2024–2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН БІЛІМ АЛУШЫЛАР МЕН МЕКТЕПТІҢ ІШКІ ТӘРТІП ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Қағидалар мектептегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, білім алушылардың тәртібін сақтау және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру мақсатында әзірленді.

1.2. Қағидалар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңына және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 28 тамыздағы №227 бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.3. Қағидалар мектептің барлық білім алушыларына, педагогтеріне және қызметкерлеріне қолданылады.

2. Білім алушылардың міндеттері

2.1. Білім алушылар:

- сабаққа уақытылы келуге;
- мектеп формасын сақтауға;
- сабаққа қажетті оқу құралдарын алып келуге;
- мұғалімдер мен сыныптастарын құрметтеуге;
- сабақ кезінде тәртіп сақтауға;
- мектеп мүлкіне ұқыпты қарауға;
- мектептің тазалығы мен қауіпсіздігін сақтауға;
- мектептің ішкі тәртіп талаптарын орындауға міндетті.

3. Сабаққа қатысу тәртібі

3.1. Білім алушылар сабаққа кешікпей келуі тиіс.

3.2. Сабаққа келмеген жағдайда ата-анасы немесе заңды өкілі сынып жетекшісіне хабарлауға міндетті.

3.3. Сабақ уақытында мұғалімнің рұқсатынсыз сыныптан шығуға және мектеп аумағынан кетуге жол берілмейді.

3.4. Сабақ барысында ұялы телефонды оқу процесіне кедергі келтіретін мақсатта пайдалануға болмайды.

4. Мектептегі тәртіп және қауіпсіздік

4.1. Мектепте төбелесуге, дөрекі сөйлеуге, қорлауға, буллинг пен кибербуллингке жол берілмейді.

4.2. Мектеп аумағында темекі, электрондық темекі, алкоголь және есірткі заттарын пайдалануға тыйым салынады.

4.3. Қауіпті заттарды мектепке алып келуге жол берілмейді.

4.4. Білім алушылар мектептің қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға міндетті.

4.5. Үзіліс кезінде жүгіруге, итерілуге және басқа білім алушыларға қауіп төндіретін әрекеттер жасауға болмайды.

5. Мұғалімдер мен мектеп қызметкерлерінің міндеттері

5.1. Мұғалімдер білім алушыларға сапалы білім мен тәрбие беруге міндетті.

5.2. Білім алушылардың құқықтары мен ар-намысын құрметтеуге, педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға міндетті.

5.3. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, құқық бұзушылық пен буллингтің алдын алу жұмыстарын жүргізеді.

5.4. Мектеп әкімшілігі оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуын және ішкі тәртіптің сақталуын бақылайды.

6. Ата-аналардың міндеттері

6.1. Баласының сабаққа тұрақты қатысуын қамтамасыз ету.

6.2. Мектеппен және сынып жетекшісімен тұрақты байланыста болу.

6.3. Баласының мектеп формасын сақтауын және оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау.

6.4. Мектептің ішкі тәртіп қағидаларын орындауға ықпал ету.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Қағидалар мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

7.2. Қағидалар барлық білім алушыларға, ата-аналарға және мектеп қызметкерлеріне таныстырылады.

7.3. Қағидалардың орындалуын бақылау мектеп әкімшілігіне жүктеледі.

КЕЛІСІЛДІ:

Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы № 1

«____» _____ 2024 жыл